



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ
БАНКТЕРДЕ
ЖҮРГІЗІЛГЕН
ПІКІРТЕРІМ**

**2024 ЖЫЛҒЫ
2-тоқсан**

Кредиттеу туралы банктерде жүргізілген пікіртерім

2024 жылғы 2-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

2024 жылғы 2-тоқсанның қорытындысы бойынша банктер кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныстың негізінен ірі және орта бизнес есебінен біршама өскенін атап өтті.

Бірқатар ірі және орта банктердің пікірінше, кредиттік ресурстар құнының төмендей түскен динамикасы нәтижесі мен қарыз алушылардың оны одан әрі төмендейді деп күтуіне байланысты ірі бизнес субъектілері тарапынан кредитке сұранысты арттырды (4-сурет). Жекелеген ірі банктер тау-кен, мұнай-газ және құрылыс салаларындағы бірқатар ірі инвестициялық жобаларды қаржыландырғанын атап өтті. Бұл 2-тоқсанда кредиттеу көлемін едәуір арттырды. Осылайша, ірі бизнестегі кредиттік өтінімдердің жалпы саны 12%-ға (т/т) – 190-ға, ал өтінімдердің орташа мөлшері 63%-ға (т/т) – 13,6 млрд теңгеге дейін өсті.

Ірі банктер орта бизнес субъектілері тарапынан сұраныс артқанын атап өтті. Бұл өз кезегінде агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне арналған бағдарламаларды қоса алғанда мемлекеттік жеңілдетілген бірқатар кредиттеу бағдарламасын іске қосумен және қайта бастаумен байланысты. Бұдан басқа, жекелеген банктер кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелерін аздап төмендетіп, орта бизнесті кредиттеуді дамыту стратегиясы аясында клиенттерді тарту бойынша арнайы іс-шаралар өткізді (4-сурет). Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыру аясында өнімдердегі бірқатар скорингтік параметрді уақытша қатаңдату және жекелеген банктердің қаржыландыру бойынша шектеулі мүмкіндіктері өз кезегінде өтінімдердің орташа мөлшерін төмендетуге әсер етті. Осылайша, орта бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны 25%-ға (т/т) – 7,7 мыңға дейін өсті. Ал өтінімдердің орташа мөлшері 6%-ға (т/т) – 457 млн теңгеге дейін төмендеді.

Шағын бизнес субъектілері тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныс индексі есепті тоқсанда оң көрсеткішті сақтады (1-сурет). Көптеген ірі банктердің пікірінше «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ субсидиялары және кепілдік беру арқылы кредиттік ресурстардың құнын төмендету есебінен мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландыру – сұраныстың негізгі драйвері болып қала береді. Сонымен қатар, жекелеген банктер онлайн өнімдерді дамытудың оң әсерін атап өтті. Бұл ретте жекелеген банктер портфельдің жағдайын нашарлатпау үшін скорингтік өнімдерді уақытша қатаңдатты. Бұл өз кезегінде офлайн өнімдер үлесінің артуына және тиісінше орташа қарыз мөлшерінің ұлғаюына әсер етті. Осылайша шағын бизнестегі кредиттік өтінімдердің жалпы саны 4%-ға (т/т) ұлғайып, 821 мыңды құрады. Ал өтінімдердің орташа мөлшері 34%-ға (т/т) – 49,9 млн теңгеге дейін өсті.

Шағын және орта бизнес субъектілері үшін кредиттік өтінімдерді мақұлдау деңгейі тиісінше 36% және 38% көрсеткіштермен алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды. Ал ірі бизнес субъектілері бойынша бұл көрсеткіш 8 пайыздық пунктке төмендеп, 43%-ды құрады. Банктердің пікірінше, ірі бизнес бойынша мақұлдау үлесінің төмендеуі 2-тоқсанның соңына қарай қаралып жатқан клиент өтінімдері санының артуына байланысты. Демек, осы өтінімдер бойынша шешім 3-тоқсанда қабылданады және бұл мақұлдау үлесін арттыруы мүмкін.

Орта және ірі бизнес субъектілері үшін сыйақы мөлшерлемесінің біршама төмендеуін есептегенде, 2-тоқсанда банктердің көбі негізінен несиелеу шарттарына айтарлықтай өзгерістер енгізбеді (2-сурет). Бұл ретте, мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландыруды қоса алғанда, кейбір банктер кредиттеу бойынша бірқатар жекелеген шарттарды қатаңдату бағытына қарай қайта қарастырды (3-сурет).

3-тоқсанда банктер сұраныстың есепті тоқсан деңгейінде сақталуын күтеді. Мұндай күтім негізінен мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнес субъектілерін одан әрі қаржыландырумен байланысты. Өз кезегінде, банктер кредиттердің сыйақы мөлшерлемелері біртіндеп төмендейтін болса, ол ірі бизнес субъектілері тарапынан сұранысты жақсартады деп болжайды. Сонымен қатар, бірқатар банк скоринг негізінде заңды тұлғалар үшін жаңа өнімдерді, ал шағын бизнес субъектілері үшін сауда саласындағы айналым қаражатын қаржыландыру мақсатында салыстырмалы түрде қысқа қарыздарды ұсынуды жоспарлап отыр.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

2-тоқсанның қорытындысы бойынша, ипотекалық қарыздарға сұраныс төмендеді. Ал тұтынушылық қарыздың барлық түріне сұраныс өсім көрсетті.

Ипотекалық қарыздарға сұраныс өткен тоқсанмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді (5-сурет). Жекелеген ірі және орта банктер 1-тоқсанда қатаңдаған шарттардың 2-тоқсандағы сұранысқа әсерін және жылжымайтын мүлік нарығындағы бүгінгі үрдіске байланысты ипотекалық қарыздарды кредиттеуге дайындығы төмендегенін атап өтті (7-сурет). Сонымен қатар, өзге ірі банк бәсекелестер белсенділігінің төмендеуі аясында клиенттердің саны мен сапасы айтарлықтай жақсарғанын атап өтті. Осылайша, ипотекалық қарыз бойынша өтінімдер саны 3%-ға (т/т) – 210 мыңға дейін төмендеді. Ал өтінімдердің орташа мөлшері 17 млн теңге деңгейінде сақталды.

2-тоқсанда кепілмен қамтамасыз етілетін тұтынушылық қарыздарға сұраныс өскені байқалды. Сұраныстың бұлай өсім көрсетуі бірқатар банкте қарыздың осы түрін белсенді насихаттау нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, жеке ірі банк шешім қабылдау және өтінімдерді бақылау процестерінің жақсарғанын атап өтті. Бұл ретте өзге банкте 2-тоқсанда қарыз алу сыйақы мөлшерлемесі ұлғайды және барлық банк бойынша борыштық жүктеме коэффициентінің (БЖК) әрекет ету периметрі кеңейді (9-сурет). Осылайша, кредиттеудің осы сегментіндегі өтінімдердің жалпы саны 20%-ға (т/т) – 46 мыңға дейін ұлғайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 4%-ға (т/т), 12 млн теңгеге дейін өсті.

Ірі банктер маркетингтік шаралар есебінен клиенттерді тарту арқылы кепілсіз тұтынушылық несиелерге сұраныс біршама артқанын атап өтті (5-сурет). Бұл ретте банктер кредит беру шарттарына елеулі өзгерістер енгізбеді. Олардың пікірінше, 2-тоқсанда қарыз алушылардың төлем қабілетіне қойылатын талаптарды қатаңдату басқа банктердегі үзінді көшірме түрінде қабылданатын кіріс көздерін растау тізбесін кеңейтуге байланысты сұранысқа айтарлықтай әсер еткен жоқ. Мәселен, келіп түскен өтінімдер саны 1%-ға (т/т) – 21,8 млн теңгеге, ал өтінімдердің орташа мөлшері 16%-ға (т/т) – 1,12 млн теңгеге дейін ұлғайды.

2-тоқсанның қорытындысы бойынша, автонесиеге сұраныс негізінен автомобильдің бастапқы нарықтағы есебінен біршама өсті (5-сурет). Ірі банктердің пікірінше, сұраныстың артуы серіктес-автосалондардың маркетингтік шаралардың және осындай серіктестер тарапынан ішінара субсидиялайтын бірқатар науқандық өнімдерді ұсынудың нәтижесі болып табылады. Бұл ретте 2-тоқсанда кейбір банктер автокредит бойынша сыйақы мөлшерлемелерін біршама төмендетті (9-сурет). Бұдан басқа, жекелеген орта банк осы сегменттегі ұсыныстың үздіксіз артуы салдарынан кепіл құнының төмендеу тәуекелдерінің туындау ықтималдығына байланысты кредиттеуді мақсатты қысқартуды жалғастырды.

Нәтижесінде автокредитке өтінім саны 10%-ға (т/т) – 997 мың теңгеге, ал өтінімдердің орташа мөлшері 3%-ға (т/т) – 6,9 млн теңгеге дейін өсті.

Ипотекалық өнімдер бойынша мақұлдау коэффициенті алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 7 пайыздық пунктке өсті және 40%-ды құрады. Банктердің кепілсіз қарыз беруге дайындығы 27% деңгейінде сақталды, ал қамтамасыз етумен тұтынушылық қарыздар және автокредиттер бойынша мақұлдау үлесі тиісінше 34% және 15%-ды құрап, 5 және 2 пайыздық пунктке төмендеді. Банктер қамтамасыз етумен тұтынушылық қарыздар және автокредиттер бойынша мақұлдау коэффициентінің төмендеуін БЖК қолданылу периметрінің кеңеюімен байланыстырады (8-сурет).

Банктердің пікірінше, бөлшек сауда өнімдеріне сұраныс 2024 жылдың 3-тоқсанында әркелкі қалыптасады. 3-тоқсанда банктер несиелеудің жекелеген шарттарын қатаңдату салдарынан ипотека мен тұтынушылық қарыздарға сұраныс аздап төмендейді деп күтеді. Бұл ретте жекелеген ірі банк қарыз алу рәсімдерін автоматтандыру және цифрландыру есебінен ипотекалық кредиттеу нарығындағы үлесті ұлғайтуды көздейді. Өз кезегінде, банктер 2024 жылдың соңына дейін автокредитке БЖК бойынша талаптарды кейінге қалдыруға байланысты автокредитке сұраныс артады деп болжайды. Тұтынушылық кепілсіз қарыздар бойынша да банктер жоспарланған маркетингтік акциялардың және кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеуі салдарынан 3-тоқсанда сұраныстың артуына қатысты күтулерін атап өтті.

Зерттеу бойынша жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсынысқа деген өзгерісті бағалау мақсатында банктерге кредиттеу туралы пікіртерімді тоқсан сайын жүргізеді. Пікіртерім банктің жалпы кредиттік саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына жіберілді. Зерттеу барысында жекелеген банктердің өкілдерімен сауалнама және кейін сұхбат алу арқылы барлық банкте пікіртерім жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап нұсқалары төменде келтірілгендердің біреуін таңдауды білдіреді:

-1 = айтарлықтай азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

-0,5 = біршама азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

0 = бұрынғы деңгейде қалады (қалды)

0,5 = біршама ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)

1 = айтарлықтай ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)


2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері таза пайыздық өзгерісті (ТПӨ) – өлшемдердің ұлғайғанын (жеңілдегенін) белгілеген респонденттер үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) белгілеген респонденттердің үлесі арасындағы айырманы есептеу арқылы қарапайым орташа ретінде жинақталды.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап зерттеу нәтижелері кредиттеу нарығының тиісті сегментіндегі банктердің үлесін ескере отырып ТПӨ-ге жинақталады. Аталған индикатордың мәні егер банктер «айтарлықтай азайды/қатаңдады» жауабын таңдаса – 100%-дан бастап, егер банктер «біршама айтарлықтай ұлғайды/жеңілдеді» жауабын таңдаса – 100%-ға дейін құбылуы мүмкін.

Аталған ТПӨ индикаторының оң мәні – өлшемдердің өсу (жеңілдеу) қарқынын, теріс мәні – төмендегенін (қатаңдағанын) білдіреді. Бұл ретте, таза пайыздық өзгерістің мәні өлшемдегі өзгерістің шамасын көрсетпейді, тек өзгерістің өзін ғана көрсетеді.

Сонымен қатар 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап түскен және мақұлданған кредиттік өтінімдерге қатысты сұрақтар қосылды (№21, 22, 23-сұрақтар). Түскен өтінімдердің жалпы саны кредиттік шешім (мақұлданды/ бас тартылды) қабылданған өтінімдерді және зерттеу жүргізу барында қаралып жатқан өтінімдерді қамтиды.


1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына сұранысы



(а) №1 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше, кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кәсіпкерлер тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың ұлғаюу белгісі болады.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу талаптары




(а) №5 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

3-сурет. Кредиттеудің жекелеген талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №7 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізде, кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келісі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

4-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №8 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза өзгеріс корпоративтік секторға арналған кредиттеріне сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеу белгісі болады.

5-сурет. Жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныс

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №9 сұрақ: Жеке тұлғалардың кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғалардың кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныстың ұлғаюуына белгісі болады.

6-сурет. Жеке тұлғалардың кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №16 сұрақ: Ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс ипотекалық кредиттеудің талаптары қысқаруының белгісі болады.

8-сурет. Тұтынушылық кредиттеудің талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (a) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?
 №15 сұрақ: Тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс тұтынушылық кредиттеудің талаптарын қысқарту белгісі болады.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №18 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс жеке тұлғаларға арналған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендету белгісі болады.